

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 151 (9213) || 1953 жылғы 30 июль Бейсенбі Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Корей Халық-Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің Председателі КИМ ИР СЕН жолдасқа

Уақытша бітімге қол қойылуы туралы хабар уақытша бітім туралы келіссөздердің ойдағыдай аяқталуын қаһарман корей халқы мен даңқты қытай халық еріктілерінің ұлы жеңісі деп бағалайтын бүкіл совет халқының зор қанағаттанғандығын тудырды.

Сонымен қатар Кореядағы уақытша бітім туралы келісім бүкіл бейбітшілік пен демократия лагерінің ірі жеңісі болып табылады.

Соғыстың тоқталуымен байланысты корей халқының алдына корей мемлекетінің ұлттық бірлігін қалпына келтіру

міндеті және мұнымен бірге, корей халқына қиліктірілген соғыстың салдарынан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеттері қойылады.

ССРО Үкметі бұл үлкен және кешеуілдетуге жағдайы жоқ мәселелерді шешуде Корей Халық-Демократиялық Республикасы Үкметінің табысқа жетуін тілейді және азап шеккен корей халқының бейбітшілік тұрмысты қалпына келтіруіне және өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қантөгіс соғыс салған ауыр жарақаттарды жазуына мүмкін болған барлық көмекті көрсетуге әзір екенін білдіреді.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. МАЛЕНКОВ.

Москва, 27 июль 1953 жыл.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі ЛИ ДОН ГЕН жолдасқа

Уақытша бітімге қол қойылуы және корей халқына қиліктірілген соғыстың аяқталуы Корей Халық-Демократиялық Республикасының және қытай халық еріктілерінің зор жеңісі, сонымен бірге, дүние жүзінің демократиялық лагерінің аса ірі табысы болып табылады.

Өзінің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауда үлкен шы-

ғындарға ұшыраған қаһарман корей халқы өз Отанының бірлігін қалпына келтіру, қыйраған қалалар мен селоларды қалпына келтіру, елдің халық шаруашылығын өркендету міндеттерін шешуге кірісті.

Осының барлығына совет халқы және басқа демократиялық елдер белсенділікпен қолдап, көмек көрсетіп отырады.

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. МОЛОТОВ.

Москва, 27 июль 1953 жыл.

Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН жолдасқа Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ жолдасқа

Кореядағы уақытша бітімге қол қойылуы және соғыстың аяқталуы қаһарман корей халқы мен даңқты қытай халық еріктілерінің ұлы жеңісі болып табылады.

Совет Одағының халықтары ұлы қытай халқының Қыйыр Шығыстағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті сақтау

ісіндегі бұл ірі жеңісін қызу қарсы алып, құттықтайды.

Уақытша бітімге қол қойылуына және соғыс қиймылдарының аяқталуына байланысты бейбітшілік сүйгін халықтардың алдында халықтардың бейбітшілігі, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресуге бұл табыстарды баянды ету міндеті туады.

ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. МАЛЕНКОВ.
ССРО Сыртқы Істер Министрі В. МОЛОТОВ.

Москва, 28 июль 1953 жыл.

Бүгін—Совет Одағы Коммунистік партиясының 50 жылдығы
Ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен—коммунизмнің салтанатына қарай алға баса берейік!

Совет Одағының Коммунистік партиясының тарихындағы елеулі оқыйға

(РСДЖП II съезінің 50 жылдығына)

I. РСДЖП II съезі және оның революциялық маркстік партия үшін күрестегі маңызы

Россияның социал демократиялық жұмысшы партиясының II съезі Совет Одағының Коммунистік партиясының қаһармандық тарихында және дүниежүзілік революциялық қозғалыстың тарихында үздік орын алады. Съезд Россия жұмысшы табының маркстік партиясының — жаңа тұрпатты саяси партияның өмір сүруіне негіз қалады.

Данышпан Ленин құрған, Лениннің басшылығымен және Лениннің шәкірті және оның ісін алға апарушы ұлы Сталиннің, олардың еріктерінің басшылығымен ұрыстарда өсіп шыныққан Совет Одағының Коммунистік партиясы орасан зор тарихи жол өтін, Октябрь социалистік революциясының жеңісіне, пролетариат диктатурасының орнатылуына және ССРО-да социализмнің құрылуына жеткізді.

Империализм дәуірінің басталуы революциялық маркстік партияны құруды тарихи қажет етті. Бұл дәуірде капитализмнің барлық қайшылықтары ең соңғы шегіне жетті, капитализмнің бір шама бейбіт даму дәуірі орнына таптардың ашық соқтығысуының жаңа дәуірі басталды, пролетарлық революция және пролетариат диктатурасын орнату туралы мәселе практикада сөзсіз шешуді керек ететін мәселе ретінде алға қойылды.

II Интернационалдың ол кезде өмір сүрген социалистік партиялары, оппортунизм жегідей жеп жайлаған реформашылдық жолдағы келісімшарт партиялар бұл міндеттерді орындай алмады.

XIX ғасырдың бас кезінде дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысты. Россия империализмнің барлық қайшылықтарының түйінді жеріне, соғыс-феодалдық, отарлық және капиталистік езгінің орталығына айнал-

Оппортунистер, басқа социал-демократиялық партиялардың программаларында мұндай қағида болған жоқ деген сылтаумен пролетариат диктатурасы талабына қарсы шықты. Оппортунистерді әшкерелей келіп, Ленин пролетариат диктатурасы туралы ілім марксизмдегі басты шарт болып табылатынын, оған бастарту жұмысы ісіне опасыздық еткендік болатынын көрсетті.

Ленин бастаған орыс революцияшыл марксистерінің пролетариат диктатурасы туралы мәселе жөніндегі күресінің ерекше зор халықаралық маңызы болды. Жұмысшы табының жаулары Бернштейн мен Кауцккийден бастап осы күнгі оңшыл социалистерге дейінгі барлық түрлі оппортунистер капиталдың үстемдігін сақтауға және баянды етуге тырысып, әрдайым пролетариат диктатурасына қарсы шығып келді және қарсы шығуда.

II съезд пролетариат диктатурасы туралы лениндік қағиданы көпшілік дауыспен қабылдады.

Оппортунистер шаруалар мәселесі жөніндегі таластарды программаға енгізуге де қарсы шықты. Олар бұл мәселеге шаруалардың революциялық мүмкіншіліктеріне сенбеген, жұмысшылар мен шаруалардың революциялық одағын танымаған II Интернационалдың басшылары тұрғысынан қарады. Съезде шаруалар туралы мәселе жөніндегі күрестің орасан зор маңызы болды. Өйткені, бұл пролетариаттың жақындап келе жатқан революциядағы одақтасы туралы мәселе болды, революцияның жеңуі осы мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты болды. Сондықтан Ленин бастаған революцияшыл марксистер шаруалар мәселесі жөніндегі «Искра» белгілеген программалық қағидаларына қар-

мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне жоғары көтеруіміз керек...» (Шығармалар, VI-том, қазақшасы, 534-бет).

Мартов және оның жақтастары партия ұйымдарының бірінде тұру партия мүшесіне міндетті емес деп есептеді. Мартовтың тұжырымы пролетарлық емес, тұрақсыз элементтерге, революцияның уақытша жолбикелеріне партияның есігін кең ашты. Мұндай партия жұмысшы табының басшысы бола алмайтын, әртүрлі элементтердің ұйымдық жағынан қалыптаспаған, бұалдыр жыйынтығы болатын еді.

Сонымен Уставтың бірінші параграфының екі тұжырымын партияның сипатына, оның ұйымына, құрылымына, тәртібіне екі түрлі көзқарас жақтады.

Искрашылдардың екіге бөлінуі нәтижесінде Мартовтың тұжырымы съезде болмашы көпшілік дауыс алды. Ал, мұнан басқасында «Искра» жасаған Устав қабылданды. Съездің революцияшыл бөлегі пролетарлық интернационализм идеясын және централизм идеясын қажырлы күресте қорғап қалып, Уставта баянды етті. 1905 жылы өткізілген партияның III съезі Уставтың бірінші параграфын лениндік тұжырым бойынша қабылдап, II съездің қатесін түзетті.

Партия Уставының бірінші параграфын қабылдағанда туган жік партияның басшы органдарын — Орталық Комитеті мен Орталық органын сайлағанда оған сайбін тереңдей түсеті. Сайлауда Лениннің жақтастары көпшілік дауыс алды, Орталық Комитетке революцияшыл көпшіліктің өкілдері өтті. Сонымен Лениннің және оның жақтастарының оппортунистерді жеңуі баянды етілді. Сол кезден бастап Лениннің жақтастарының бастап

Коммунистік партия — советтік қоғамның ұйымдастырушы және дем беруші күші

Коммунистік партия халық бұқарасының көсемі және оның ұйымдастырушысын ролін ойдағыдай атқарып келеді және атқара бермек. Өйткені, ол көзқарастар бірлігімен, іс және тәртіп бірлігімен топтасқан бір пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағы. Совет Одағының Коммунистік партиясының бүкіл қызметі халыққа, бүкіл еңбекшілердің революциялық күшқайратына сенімді арқау етеді.

Коммунистік партия өзі құрылғаннан бері өткен жарты ғасыр ішінде жұмысшы табының ісі үшін күресте асқан зор дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетті. Бұл уақыттың ішінде біздің туысқан партиямыз алғашқы маркстік үйірмелер мен топтардан кезір жұмысшылар мен шаруалардың қуатты Социалистік мемлекетін басқарып отырған және совет халқының социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен бастап келе жатқан коммунистердің ұлы партиясы болуға дейінгі ұзақ және даңқты жолдан өтті.

Бүгін Совет Одағы Коммунистік партиясының құрылғанына 50 жыл толды. Бұдан жарты ғасыр бұрын, 1903 жылғы 30 июльде Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясының (РСДЖП) Екінші съезі ашылды. Бұл съезд Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын да, Россияның және бүкіл дүние жүзінің революциялық жұмысшы қозғалысының тарихында елеулі оқиға болды. Өйткені, бұл съезде Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрылып, біздің партиямыздың негізі қаланды. Демек, 1903 жылы өткізілген Екінші съезде жұмысшы табының жауынгерлік, революциялық, маркстік партиясының, II Интернационалдың реформистік партияларынан принциптік өзгешелігі бар жаңа тұрпатты партияның негізі салынды. «Большевизм, — деп жазды В. И. Ленин, — саяси ойдың ағымы ретінде және саяси партия ретінде 1903 жылдан бері өмір сүреді».

РСДЖП-ның II съезінен бері біздің партиямыз өткен тарихи жол оның саясатының данышпандығы мен әділдігін, өмірге бейімділігін, оның бүкіл саясаты мен қызметі еңбекші халықтың мүдделерін ойдағыдай өтеуге бағытталғандығын айқын дәлелдеді. Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы үш революцияның тарихы, патша өкметін—помещиктер мен капиталистердің өкметін құлату тарихы, азамат соғысы жылдарында шетел интервенциясын талқандау тарихы, елімізде Советтік мемлекет пен социалистік қоғам құру тарихы, Ұлы Отан соғысы жылдарында фашист басқыншыларын талқандау тарихы, соғыстан кейінгі дәуірде Советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін барған сайын өркендетіп беру,

социализмнен бірте-бірте коммунизмге өтуді жүзеге асыру тарихы болып табылады.

Халықтардың бостандығы мен бақыты, Отанымыздың тәуелсіздігі мен гүлдене беруі, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте Коммунистік партия жұмысшы табы мен шаруалардың, бүкіл еңбекшілердің шексіз сүйіспеншілігіне ие болды. Біздің халқымыз Коммунистік партияның даналығы мен көрегендігіне шексіз сенеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Россияның және бүкіл дүние жүзі жұмысшы қозғалысының ең жақсы дәстүрлері мен қасиеттерін өз бойына жыйнады, Ленин жасап берген негізде өзіне тән идеологиямен қаруланды, партия тұрмысының ережелері мен басшылық етудің принциптерін жасады. Тек біздің Коммунистік партия ғана Россияның жұмысшылары мен еңбекшілерін социализм жеңісіне жеткізіп, елімізде коммунистік қоғам құрылысын табысты ұйымдастыра алды.

Коммунистік партия өзінің совет халқының көсемі ретіндегі ролін ойдағыдай атқаруда, өйткені, оның жолын маркстік-лениндік ғылым нұрландыруда. Социалистік және коммунистік құрылыстың бай тәжірибелерімен сыналған маркстік-лениндік ілім жанды, творчестволық ілім болып табылады, ол үнемі дамып, жаңа тұжырымдаулармен және қағидалармен толықтырыла береді. Марксизм-ленинизмнің творчестволық сыйпаты біздің коммунистеріміз бен барлық кадрларымыздың оны терең үйрене беруін, өздерінің маркстік-лениндік білімін практикалық жұмыста дұрыс қолдануын, сөйтіп, шаруашылық және мәдениет құрылысы мәселелерін дұрыс шешуін талап етеді. Партия барлық коммунистерден маркстік-лениндік теорияны үйренудегі дүмшөлдік, догмашылдық әдісті толық жойып, марксизм-ленинизмнің творчестволық сыйпатын терең ұғынуды, жеке тұжырымдаулар мен қиталанарды емес, Маркстің —Энгельстің — Лениннің — Сталиннің дүниені өзгертуші, жеңімпаз, революциялық ілімінің шын мәнісін терең түсінуді талап етеді.

Коммунистік партияның күштілігі мен жеңілмейтіндігі —оның халықпен тығыз байланыстылығында. Біздің партия тұрмыстың барлық игіліктерін, тарихты жасаушылар еңбекшілер бұқарасы өкметін ғылыми жолмен және іс жүзінде дәлелдеген лениндік қағидалар арқау етеді. Коммунистік партия халықты үйретіп, тәрбиелеумен бірге өзі де халықтан үйренеді. СОКП XIX съезінің партияның халықпен байланысын бұрынығыдан да кеңейте беруді, еңбекшілердің мұқтаждары мен арзындарына кезінде құлақ асуды, сын мен өзара сынды, әсіресе, төменнен көтерілген сынды барынша өрістетіп отыруды талап

етуі бұл пікірімізге толық дәлел бола алады.

Коммунистік партия қатарларының мызғымас бірлігі мен темірдей тәртібі оның күшінің қайнар бұлағы болып табылады. Біздің партиямыз бұл бірлік пен темірдей тәртіпті партияның, жұмысшы табы мен еңбекшілердің толып жатқан жауларына қарсы жүргізген жарты ғасырлық күресінде жеңіп алды.

Ленин мен Сталин Коммунистік партия өз қатарларының тазалығы жөнінде, партия мүшесінің атағы мен маңызын барған сайын көтере беру жөнінде үздіксіз қамқорлық жасауға тиіс деп үйретті. Партия мүшесі партияның бірлігін сақтауға, партияның темірдей тәртібін нығайта беруге, партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтере беруге, партия саясатын жүзеге асыру жолында табанды күрескер болуға және жұмыстағы кемшіліктерге төзбеуге міндетті.

Совет Одағының Коммунистік партиясының бүкіл жарты ғасырлық тарихы Ленин белгілеген партиялық басшылық принциптерінің және партия тұрмысы ережелерінің аса маңыздылығын көрсетті. Партия партия басшылығының ең жоғарғы принципі—коллективтік басшылықты, партия Уставының талаптарын бұлжытпай орындап отыруды үйретті және үйретіп те отыр.

Өзара сын, әсіресе, төменнен көтерілген сын кемшіліктер мен кеселдерге қарсы күресте партия ішіндегі демократияны күшейтудің және коллективтік басшылықты жақсартудың қуатты құралы болып табылады. Партия ұйымдары сын мен өзара сынды батыл өрістетіп отырып, барлық коммунистер мен еңбекшілердің творчестволық белсенділігін арттыра беруге тиіс.

Партиямыздың Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарынан советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм, халықтар достығы идеяларын кеңінен насихаттауды, буржуазиялық-ұлтшылдықтың барлық көріністеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізуді талап етті.

Бүкіл совет адамдары, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері Совет Одағының Коммунистік партиясы біздің заманымыздың ақылы, намысы мен өзданы деп біледі.

Совет халқы Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен коммунизмнің сәулелі шыңына қарай сеніммен алға басуда.

Ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің салтанатына қарай алға баса берейік!

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

мұнда помещиктер мен капиталистердің үстемдігін құлатып, социализм орната алатын нақтылы күш өсіп жетілуде болды. Елде орасан зор халықтық революция басталды. Оны шаруалармен одақтасқан, дүние жүзіндегі ең революцияшыл пролетариат бастап шықты. Россиядағы толғағы жеткен революцияның, империализм дәуіріндегі тұңғыш революцияның ерекше зор халықаралық маңызы болды.

Ұлы тарихи міндетті—патша өкметін, ал, оған кейін капитализмді де құлату міндетін тек революциялық маркстік партияны құрғанда ғана орындауға болатын еді. Мұндай партияны, жаңа тұрпатты партияны құру міндетін Россияның Ленин бастаған революцияшыл марксистері тамаша орындап шықты.

Партияны идея және ұйымдық жағынан топтастыру, II съезді әзірлеу ісінде лениндік «Искра» шешуші роль атқарды. Бұл газеттің бетінде, әсіресе «Не істеу керек?» деген кітабында Ленин «экономистердің» көзқарастарын, олардың стихиялық алдында бас июін және социалистік сананың жұмысшы қозғалысындағы ролін кемітуін, пролетариат диктатурасы жолындағы, социализмнің жеңуі жолындағы күрестен бастартуын қыратып талқандады. В. И. Ленин революциялық теорияның жұмысшы табының күресіндегі ерекше зор маңызын, жұмысшы табының көсемі болатын саяси партияның қажеттігін көрсетті, маркстік партия жұмысшы қозғалысының ғылыми социализммен бірігуі болып табылатыны туралы аса маңызды қағидалары дәлелдеді, маркстік партияның идеологиялық негіздерін белгіледі. «**Алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана, — деп жазды Ленин, — алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады.**» (Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 396-бет).

Халықаралық оппортунизмнің бір түрі болған «экономизмнің» идеологиясын талқандау, лениндік принциптердің жеңуі және «Искраның» лениндік ұйымдастыру жоспары үшін ойдағыдай күрес жүргізуі Россияда маркстік партияны құруға қажетті жағдай әзірледі.

РСДЖП II съезі мұнан 50 жыл бұрын, 1903 жылғы 17 (30) июльде ашылды. Ол әуелі Брюссельде жұмыс атқарды, кейіннен, полицияның қудалауы себепті Лондонға барды. Съезде 26 социал-демократиялық комитеттен 43 делегат болды. Съездің құрамы әректі болды: «Искраның» жақтастарымен қатар съезге анти-искрашылар, бундшылар, «экономистер» де қатысты. Онымен қатар, «Искраның» жақтастары қатарында Мартов бастаған біртөп тұрақсыз искрашылар болды.

Съездің басты міндеті — лениндік «Искра» белгілеген программалық, тактикалық және ұйымдық қағидалар негізінде революциялық маркстік партияны құру болды.

Партияның программасы мен Уставын қабылдау съездегі аса маңызды мәселе болды. Программаның жобасын «Искраның» редакциясы әзірледі. Ленин өңгізген, пролетариат диктатурасы туралы қағидада программада ең көрнекті орын алды.

Съезде ұлт мәселесі жөнінде де күрес болды. Бундтың өкілдері партияның Ленин тұжырымдап белгілеген басты программалық талабына—барлық халықтардың толық тең праволы болуына және ұлттардың өз тағдырын өзі шешу правосына қарсы шықты. Оппортунистердің ұсыныстары пролетарлық интернационализмнен бастартып, буржуазиялық ұлтшылдық позициясына көшкендіктен барабар болды. Ленин бұл антимарксистік көзқарастарды талқандап, жұмысшы табы ұлттық езудің барлық түрлеріне қарсы күресуге міндетті екенін көрсетті.

Ақырында съезд «Искраның» редакциясы жасаған, революциялық маркстік программа болып табылған, бұрын бірде-бір партияда болмаған программаны басым көпшілік дауыспен бекітті. Бұл программа партияның VIII съезіне дейін қолданылып келді.

Программаны қабылдап, II съезд партияның бірлігінің идеялық негізін жасады. Бірақ, марксизмнің принциптері бойынша революцияшыл жұмысшылардың идея жағынан бірігуі, — деп көрсетті Ленин, — миллиондаған еңбекшілерді өздерінің мүдделерін қорғап күресу үшін жұмысшы табының армиясы етіп топтастыратын ұйымның материалдық бірлігімен баянды етілуге тиіс. Бұл ұйымның негізгі принциптері партияның Уставы бойынша белгіленіп, баянды етіледі.

Устав туралы мәселе бойынша В. И. Ленин баяндама жасады. Съезде Уставты талқылағанда партияның құрылысының екі бағыты — екі жоспары қарама-қарсы кездесті. Лениндік жоспарда, озап революциялық теориямен қаруланған, жұмысшы табының ұйымдасқан алдыңғы отряды ретінде жаңа тұрпатты партияны құрудың ұйымдық принциптері дәлелденді. Партия, деп көрсетті Ленин, централизм және қатардағы мүшелерге де, басшыларға да бірдей міндетті темірдей берік тәртіп негізінде құрылуға тиіс. Партияның күші оның бірлігінде және оппортунизмнің барлық көріністеріне ымырашылдық етпейтіндігінде. Ленин пролетариаттың басты ұйымы, оның пролетариат диктатурасы үшін күрестегі негізгі қаруы ретіндегі партия туралы ілімді алғаш рет жасады.

Мартов және оның жақтастары, II Интернационалдың партиялары сыяқты реформистік партия құруға мүмкіндік беретін уставты съезге зорлықпен қабылдатуға тырысты.

Съезде Уставтың бірінші параграфы — партияға мүшелік туралы күшті күрес жүргізілді. В. И. Ленин партияның программасын танытты, партияны материалдық жағынан қолдайтын және оның ұйымдарының бірінде тұратын қандай да болса адамды партияның мүшесі деп есептеуге ұсынды. Лениндік тұжырым партия қатарының тазалығын, жұмысшы табының басшысы ретінде оның біртұтастығын және жауынгерлігін сақтауды көздеді. «Біздің міндетіміз, — деп көрсетті Ленин, — партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия

виктер деп, а.л. оппортунистер, Мартовтың жақтастары — меншевиктер деп аталды.

II съездің тарихи маңызы — онда Лениннің басшылығымен «Искра» жасаған маркстік партияның идеологиялық принциптерінің жеңгендігінде, съезд марксизмнің «экономизмді» жеңуін баянды етіп, жұмысшы партиясының революциялық программасын қабылдады. Большевиктердің саяси тобының құрылуының және Лениннің идеологиялық принциптерінің жеңуінің Россияда маркстік жұмысшы партиясының дамып нығайуы үшін зор маңызы болды. Лениннің съезде революциялық марксизм принциптерінің жеңуі үшін аянбай күресіп, оппортунистердің Россиядағы жұмысшы қозғалысын буржуазиялық идеологияға бағындыру жолына, реформизм жолына бұрып түсіруге тырысқан әрекетін күйреткендігі оның ұлы еңбегі болып табылады. РСДЖП II съезі бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуындағы жаңа бетбұрысты бастады.

Мұнымен бірге съезд ұйымдық мәселелер саласында өзіне лайықты дәрежеде бола алмады. Съезд меншевиктердің оппортунизмді ақырына дейін әшкерелей алмады, партия ішінде оларды оқшаулай алмады.

Съезден кейін большевиктер мен меншевиктер арасындағы күрес онан сәлліл шиеленісті. Большевиктер меншевиктердің оппортунизмді әшкерелеу, олармен бір жолға ақырасу бағытын мейлінше қажырлықпен жүргізді, жұмысшы табының революциялық партиясын құру үшін күресті. Лениннің классиктік еңбектері — «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм» мұндай партияны әзірлеуде шешуші роль атқарды. «Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы мұндай партияны идеологиялық жағынан әзірлегендік еді. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабы мұндай партияны ұйымдастыру жағынан әзірлегендік еді. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабы мұндай партияны саяси жағынан әзірлегендік еді. Ақырында, Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабы мұндай партияны теориялық жағынан әзірлегендік еді» (БК(б)П тарихының қысқаша курсы, қазақшасы, 142-бет).

1912 жылы өткізілген Прага конференциясы меншевиктерді партиядан қуып шығарды. Бұл конференция большевиктік партияның — жаңа тұрпатты партияның, ленинизм партиясының дербес өмір сүруіне негіз жасады.

Ленин бастаған орыс революцияшыл марксистерінің меншевиктерге қарсы күресінің орасан зор халықаралық маңызы болды. Бұл күрес тек орыстық оппортунизмге қарсы ғана емес, мұнымен бірге халықаралық оппортунизмге қарсы бағытталды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының тарихындағы елеулі оқыйға

(РСДЖП II съезінің 50 жылдығына)

II. Коммунистік партия—советтік қоғамның бағыттаушы және басшы күші

(Соңы. Басы 1-бетте).

РСДЖП II съезінен бергі 50 жылдың ішінде Совет Одағының Коммунистік партиясы зор және дақты күрес жолын өтті. Партия Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Партия ұйымдастырған жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың жауынгерлік одағы 1917 жылғы октябрьде капиталистер мен помещиктердің үстемдігін қыйратып, пролетариат диктатурасының орнатылуын қамтамасыз еткен күш болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі адамзаттың тарихында жаңа заманды бастады. Бұл жеңіс бүкіл дүниежүзілік тарихта капитализмнен социализмге қарай түбірлі бетбұрыстың басталуы болды.

Партияның басшылығымен СССР еңбекшілері социалистік қоғам орнатты, адамды адамның қанауын біржолата жойды, елеулі және ұлттық есушілікті құрытты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Коммунистік партия герман фашизмін және жапон империализмін талқандау күресінің ұйымдастырушысы болды. Партияның басшылығымен СССР халықтары өздерінің социалистік табыстарын қорғап қалып, Европаның халықтарын фашистік құлдықтан құтқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде совет халқы партияның басшылығымен шаруашылықты және мәдениетті онан сайын мықтап өркендетіп, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуді ойдағыдай жүзеге асырды.

Халықтық демократия елдері Совет Одағымен бірге, оның ұлы өнегесімен рухтанып, социализм орнату жолымен алға басуда. СССР бастаған қуатты бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің құрылуы—халықаралық коммунистік қозғалыстың асқан ұлы салтанаты.

Партия орыстық және халықаралық революциялық қозғалыстың таңдаулы дәстүрлері мен сипаттарын өзіне жыйнауы, лениндік принциптер негізінде құрылғаны және құрылуы нәтижесінде бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетті.

Біздің партияның күші өзінің қызме-

тулоншыларға және партияны бөлшектеуге, оның қуатын өлсіретуге тырысқан басқа жауларға қарсы ұзаққа созылған күресте шыңдалып, жеңіп алынды.

Ленин мен Сталин оппортунизмге қарсы ымырасыз күрес, өз қатарларының тазалығы және берік топтасуы үшін күрес партияның даму заңы болып табылады деп үйретеді. Бұл күрестің партия өзінің бірлігі мен тәртібін сақтап нығайта алмаған болар еді, пролетариат диктатурасын орнатып нығайта алмаған болар еді, қоғамды революциялық жолмен қайта құру күресінде еңбекшілердің көсемі ролін атқара алмаған болар еді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі қабылдаған Уставы партияның барлық мүшелеріне партияның бірлігін сақтауды, партияның темірдей берік тәртібін нығайта беруді, партияның мүшесі атағын және маңызын жоғары көтеруді, барлық коммунистердің партияның саясатын жүзеге асыру жолында қажырлы күрескерлер болуына, олар жұмыстары кемшіліктерге төзбейтін болуына ұмтылуды міндеттейді.

Партияның халықпен тығыз байланысы, оның творчестволық күштеріне толық сенуі Коммунистік партияның күшінің қайнар бұлағы болып табылады. Өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап партия еңбекшілердің мүдделерін қорғаушысы, халықтың көсемі және ұстазы болып келеді. Коммунистік партияның саясатын бүкіл совет халқы сеніммен қолдап отырады, өйткені, бұл саясат оның мүдделері мен тілектеріне сай келеді, советтік құрылыстың өмірлік негізі болып табылады. Партия халықтың мүдделерін қандай қажырлылықпен және дәйектілікпен қорғайтынын, Советтік мемлекеттің көркеюі және нығайтуы үшін қалай табандылықпен күресетінін халық көріп отыр. Еңбекшілер партияны—заманмыздың ақылы, намысы және оқданы деп таныды.

Коммунизм құрылысының тамаша ұлы міндеттерін жүзеге асыра отырып, совет халқы партияның төңірегіне онан сайын тығыз топталды. Халықтың қолдауы партияға орасан зор күш береді, өйткені, халық тарихтың басты қозғаушы күші, оның жасаушысы болып табылады. Пар-

тия мемлекетті онан сайын нығайту, совет халқының материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыру үшін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан сайын мықтап өркендету үшін, жұмысшылар мен шаруалардың одағын, СССР халықтарының достығын онан сайын нығайту үшін, Совет Одағының экономикалық және қорғаныс қуатын күшейту үшін күресуде. Партия совет адамдарына коммунистік тәрбие беру, оларды еңбекке және қоғамдық меншікке саналы қарайтын етіп тәрбиелеу, советтік патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөледі. Капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жою үшін, буржуазиялық идеологияға қарсы күресу партияның аса маңызды міндеттерінің бірі болып келді және болып қалады.

Партия революциялық қырағылықты мейлінше арттыра беру керек екенін, коммунист атағын бетке ұстаған жаулар бұлдіру жұмысын жүргізу үшін партияға өтуге тырысып келгенін және тырысатынын әрқашан есте ұстауға үйретеді. Партия мен халықтың жауларына рақымсыз күрес жүргізу—коммунизмге қарай табыспен алға баса берудің аса маңызды шарты.

Сыртқы саясат саласында партия бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін мұнан әрі де күрес жүргізе беруді, соғыс ортін тұтандырушылардың дұшпандық әрекеттерін әшкерелеп отырды, халықтық демократия елдерімен және басқа елдердің еңбекшілерімен туысқандық достықты нығайта беруді, халықтар арасындағы ынтымақты кеңейтін, нығайта беруді өзінің міндеті етіп алға қояды.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру партиядан өзінің бірлігін және топтасқандығын мейлінше күшейтуді, лениндік принциптер мен партия басшылығының ережелерін бұлжытпай орындауды талап етеді. Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселені маркстік тұрғыдан баяндамай, теріс баяндауды—жеке адамға табынушылықтың идеалистік теориясын насихаттауды түп-тамырымен жою керек. Жеке адамға табынушылық партия басшылығының принциптеріне қайшы келеді, партияның, оның басшы орталығының ролін



Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшысы Майнұр Хаймурзина жолдас социалистік жарыстың озаттары қатарында келеді. Ол сменалық норманы үнемі біржарым еседен асыра орындап жүр. Оның жұмысында ешбір ақау жоқ.

СУРЕТТЕ. Майнұр Хаймурзина жолдасның жұмыс істеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбекшілерді киномен қамту

Облысымыздың киноландыру орындары соңғы жылдар ішінде еңбекшілерге кино көрсету ісін едәуір жақсартта түсті. Кино орындары қызметкерлері әресе облысымыздың колхозшыларын киномен неғұрлым кең қамтуға, оларға жаңа фильмдерді уақытында көрсетіп отыруға көңіл аударуда. Сол сыяқты, киноустановкалардың саны үздіксіз артуда. 106 киноустановка көзір облысымызда жұмыс істесе, бұдан 98 киноустановка ауыл-селолық жерлерде орналас-тырылған.

Сол сыяқты, өз міндетіне жауаптылықпен қарайтын үлгілі киномеханиктердің саны да көбейіп келеді. Мысалы, Петропавл ауданындағы Сергеева, Преснов ауданындағы Степанов, Полудень ауданындағы Оразалин жолдас орат киномеханиктер болып саналады.

Комсомол мүшесі Оразалин жолдас жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, 10 мыңнан астам колхозшыларға кино көрсетті.

Киномеханиктер арасындағы социалистік жарыстың ойдағыдай ұйымдастырылуы нәтижесінде жоспар бойынша облыста өткен алты ай ішінде 774 мыңнан астам адам киномен қамтылуы керек болса, осы мерзім ішінде 805 мың 800 адам кино көрді.

Маршал Ким Ир Сен мен генерал Пын Дэ-хуэйдің уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуына байланысты қарулы күштерге арнаған бұйрығы

ПЕКИН, 27 июль. (СОТА). Пекин радиосы маршал Ким Ир Сен мен генерал Пын Дэ-хуэйдің бағынушы еріктілер мен әскерлерге 27 июльде берген бұйрығының текстін берді.

Жолдастар, Корей Халық армиясының әскери қызметшілері, жолдастар, қытай халық еріктілері!—делінген бұйрықта.

Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілері агрессияға қарсы, бейбітшілікті қорғау жолындағы қаһармандық үш жылдық күрестен кейін, сол сыяқты, корей мәселесін бейбітшілік жолмен реттеу мақсатында уақытша бітім туралы екі жыл бойына байыптылықпен жүргізілген келіссөздерден кейін дақты жеңіске—Кореядағы бітімге жетісті және Біріккен Ұлттар командованиясі Кореядағы уақытша бітім туралы келісімге қол қойды.

Уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуы корей мәселесін бейбітшілік құралдарымен реттеу жолындағы бірінші қадам болып табылады, сондықтан да бұл қадам Қыйыр Шығыстағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне көмектеседі. Бұл жағдай корей және қытай халықтары тарапынан қызу қолдау тапты және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш адамдарды қуанытты. Алайда, Біріккен Ұлттар командованиясі жағында өлі де болса кейбір соқтығыспаз элементтер, атап айтқанда Ли Сын Ман тобыры бар. Олар Кореядағы бітімнің жүзеге асырылуына тіпті де разы емес, сондықтан да уақытша бітім туралы келісімге қол қоюға мейлінше қарсыласып келді. Осыған байланысты Корей Халық армиясының барлық әскери қызметшілері мен қытай халық еріктілері өздерінің қырағылықтарын күшейтуге тиіс.

Уақытша бітім туралы келісім күшіне кіре бастаған кезде Кореядағы уақытша бітімнің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатында келісімді жүзеге асырмай тастауға әрекеттенушіліктің қандайына болса да жол бермеу және корей мәселесін бейбітшілік жолмен реттеу жөнінде келешекте саяси конференцияны шақыруды жеңілдету үшін біз мынадай бұйрықтар жариялаймыз:

Корея майданында соғыс қыймылдарының тоқтатылуы

ПЕКИН, 29 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Корея майданынан мынаны хабарлады:

27 июльде жергілікті уақыт бойынша сағат 22-де корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің барлық қару-

лы бөлімдері маршал Ким Ир Сен мен генерал Пын Дэ-хуэйдің уақытша бітім туралы берген бұйрығына сай Корея майданының барлық аймағында дұшпандарға қарсы соғыс әрекеттерін тоқтатты.

1. Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрғақтағы, әуе-соғыс, соғыс-теңіз күштерінің және сол сыяқты жағалаудағы қорғаныс бөлімдерінің бүкіл құрамы уақытша бітім туралы келісімдерді мүлтіксіз сақтау мақсатында 1953 жылғы 27 июльдегі 22 сағат 00 минутте, яғни уақытша бітім туралы келісімге қол қойылғаннан кейін 12 сағаттан соң бүкіл майдан шегінде оқ атуды толық тоқтатуға тиіс және 1953 жылғы 27 июльдегі 22 сағат 00 минуттан кейінгі 72 сағат ішінде, яғни уақытша бітім туралы келісім күшіне кіргеннен кейінгі 72 сағат ішінде, бүкіл майдан бойында екі жаққа да жарияланған соғыс демаршациялық шептен екі километр шегінуге және демилитарландырылған аймақтан ешбір өтпеуге тиіс.

2. Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің бүкіл құрамы барлық күшін хауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсауға және уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясы, сол сыяқты, бірлескен бақылау топтары құрамының бейтарап мемлекеттер өкілдерінен құралған комиссия құрамының жұмысына, Қызыл Кресттің бірлескен топтары құрамының жұмысына жан-жақты көмек көрсетуге тиіс. Өйткені, олардың уақытша бітім туралы келісімді жүзеге асыру мақсатында біздің әскерлердің бақылауындағы аудандарда болуы мүмкін.

КИМ ИР СЕН,

Маршал, Корей Халық Демократиялық Республикасы, Корей Халық армиясының Жоғарғы Бас команданысы.

ПЫН ДЭ-ХУЭЙ.

Қытай халық еріктілерінің команданысы.

Генерал Пын Дэ-хуэй Кореяда уақытша бітім

тінде Маркстің —Энгельстің— Лениннің— Сталиннің жеңімпаз ілімін басшылыққа алып отырғандығында, қоғам дамуының объективтік заңдарын білгендікке және дұрыс пайдалануға сүйенетіндігінде. Маркстік- лениндік теория қоғамның материалдық тұрмысының дамуының қажеттерін, жұмысшы табының және барлық еңбекшілердің түбірлі мүдделерін дұрыс көрсетеді. Қоғамдық дамудың және саяси күрестің заңдарын білгендік Коммунистік партияға төңіректегі жағдайда дұрыс бағыт алуға, оқығандардың барысын алдан болжауға, дұрыс саясат белгілеуге мүмкіндік береді. Маркенизм- ленинизмнің күші және өмірге бейімділігі, біздің партиямыздың саясатының дұрыстығы тарихтың бүкіл барысында, жеңімпаз социалистік революцияның және ССРО-да социализм орнатудың тәжірибесінде тексеріліп, ықпалдалды. Маркенизм- ленинизм — догматшылыққа жат, революциялық күрес тәжірибесі негізінде жаңа қағидалармен үздіксіз байып отыратын жанды, творчестволық, үнемі дамып отыратын ілім. Бұл теорияны үйрену — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің негізі.

Коммунистік партияның күші және жеңімпаздығы оның қатарларының болаттай берік бірлігінде және біртұтастығында. Партия берік және іс бірлігімен күшті, бір пікірлердің жауынгерлік одағы болып майданға шығады. Партияның бірлігі оған коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруға, бүкіл халықты бастауға мүмкіндік береді. Бұл бірлік түрлі оппозиционерлерге: меншевиктерге, троцкисттерге, бухариншілерге, ұлтшыл-

тия өзінің еңбекшілер бұқарасымен байланысын үнемі нығайтып отырады. Ол еңбекшілер бұқарасын үйретіп, тәрбиелеудің үстіне, бұқарадан өзі де үйренеді. Партия мен халықтың тығыз бірлігі — коммунистік құрылыста жаңа жеңістерге жетудің кепілі.

Партия кадрларымызды тәрбиелеудің сынан өткен әдісі—жұмысшылардағы кемшіліктерді ашып жоюдың қуатты құралы болып табылатын сын мен өзара сынды батыл өрістетіп, қолдап отырады.

СОКП XIX съезі былай деп белгіледі: «Кәзір Совет Одағының Коммунистік партиясының басты міндеттері — социализмнен коммунизмге бірте- бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессивтік қымылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру».

Халық бұл тамаша міндеттерді —өзінің коммунизм жолындағы күресінің жауынгерлік программасы деп танып, қарсы алды.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы партия қатарларының бірлігін және біртұтастығын, оның XIX съезде алға қойылған тарихи міндеттерді жүзеге асыру үшін күресуге әзірлігін және өздерінің буддіру өрекетін қандай бүркеншімен бүркемелесе де жауларға күшті қырағылығын және ымырасыздығын тағы да көрсетті.

Коммунистік партия көп ұлтты социа-

листік партия екендігіне және елдер халқының творчестволық белсенділігін нашарлатуға бастайды. Маркенизм- ленинизмнің принциптік негізіндегі коллективтік басшылық партия басшылығының жоғары принципі болып табылады. Маркенистік -лениндік теорияның ғылыми негізіне сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік тәжірибесі, коллективтік даналылығы ғана партияға және елге басшылықтың дұрыс болуын, шаруашылық және мәдениет құрылысындағы міндеттердің ойдағыдай орындалуын, партияның бірлігін және берік топтасқандығын, біздің коммунизмге қарай табыспен алға басуымызды қамтамасыз етеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының коммунизм орнату жолындағы күресінің орасан мол тәжірибесінің ерекше зор халықаралық маңызы бар. Бұл тәжірибе барлық туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының игілігі болып, бейбітшілік, демократия және социализм ісі үшін күресте оларға рух беріп, идея жағынан қаруландырып отырады.

ССРО-дағы коммунистік құрылыстың ұлы жеңістері, халықтық демократия елдерінің социализм жолымен ойдағыдай алға басуы, капиталистік елдердегі революциялық қозғалыстың өсуі және отарлар мен тәуелді елдер халықтарының азаттық күресінің күшеюі коммунистік партия күрескен және күрестіп отырған істің жеңілмейтінін, халықтардың коммунизмге қарай жеңіспен алға басуын тоқтатарлық күш дүние жүзінде жоқ екенін дәлелдейді.

Д. ДЯГИЛЕВ.

Еңбектегі ынтымақтың нәтижесі

Станция кезекшісінің бөлмесінен телефон дауысы естілді.

—Тыңдап тұрған, оператор Малышева, — деген жауап қайтарылды.

Диспетчер көршілес участоктан құранды поезд жөнелтіледі, онда қаланың бірнеше кәсіпорындары мен Петропавл ауданының колхоздарына арналған жүктер бар, бұл күні түсірілетін жүк тағайындалған тапсырыстың мөлшерінен артық, сондықтан вагондарды жүк қабылдайтын жерге тоқтаусыз орналастыру керек, деп хабарлады.

Оператор, комсомолға Лидия Малышева бұл туралы дереу жүк қоймасының жүк өлшеушілерінің есіне салды, олар жүк қабылдаушылармен хабарлас болды. Станция кезекшісі коммунист И. Емельянов жолдас жүк түсіру жөніндегі жоспардан тыс тапсырысты әброймен орындау үшін нақтылы тапсырма берді.

Поезд тоқтап та үлгермесе де, Лидия Малышева документтерді алу үшін тапсырыстан сөкіріп түсе берген аға кондукторға қарсы жүгірді. Бір вагоннан екінші вагонға жүгіріп, оларды белгілен жүрді. Ол өз міндетін тез атқарды, соның нәтижесінде 10 минуттан артық уақыт үнемдеді. Құрастырушылар бригадасы да кідіріссіз жұмыс істеді. Вагондардың бір тобына белгі соғылғаннан кейін құрастырушы Дручинин жолдас маневр поезының машинисі Панакинге:

—Маневр бастаймыз. Тас тиелген 6 платформаны 22-ші участоктің поезд келіп тоқтайтын жолына қойыңдар деп, — бұйрық берді. Сөйтіп, жүк өзінің белгіленген жеріне жөнелтілді.

Стрелочниктер Рудаков, Головина және басқалары өз жұмыстарын тез істеді.

Жүк түсіру де ұйымшылдықпен жүргізіледі. Мәселен, Казлес коллективі вагондардан жүк түсірудің уақытын бұрынғыдан 45 минут, жол құрылысының жүкшілері 1 сағат кемітті. Сол сыяқты, мұнай базасы жанар майды көрсетілген мерзімінен бұрын тасып алды.

Бұл күні жүк қабылдаушы ұйымдар мен теміржолшылар арасында жақсы байланыс болғандықтан жүк тиенудің тапсырмасы 146 процент, жүк түсіру тапсырмасы 160 процент орындалды. Теміржолшылар күні қарсаңында алған міндеттемелерді асыра орындап келіп, Емельянов жолдасының еменасы коллективте бірінші орынға ие болды. Мұнда шапшаңдатылған әдіспен поезды жөнелту екі есе артты.

П. ОСИПОВ.

Б. МАРЛИН.

Балалар үшін үйірмелер

Петропавлдағы оқытушылар үйінде бастауыш, орта мектеп қызметкерлерінің кәсіподағы мүшелері балалар үшін бірнеше үйірмелер ұйымдастырған. Балалардың өздері тілеген үйірменің жұмысына қатысуына мүмкіншілік туғызылған.

Мұнда бес жылдан бері пианино класы бойынша музыка үйірмесі жұмыс істейді. Бұл үйірмеде оқыған балалар музыка мектебіне түседі. Кәзір мұнда 16 бала оқыйды, олардың үшеуі музыка мектебіне түсу үшін дайындалып жүр.

32 қыз бала кесте тігу үйірмесінде оқып жүр. Бұл үйірмені № 4 орта мектептің оқытушысы А. Батракова жолдас басқарады.

Әйелдердің есеп беру жыйналысы

Жуырда таразы заводында әйелдердің есеп беру- сайлау жыйналысы өткізілді. Жыйналыс алдынан Алматының медицина институтының студенті, кәзір қалада тәжірибе жұмысында жүрген Варнакова жолдас ерте қартаюға қарсы күрес жүргізу жөнінде лекция оқыды.

Есепті баяндамадан кейін жыйналыс әйелдер Советін сайлады. Әйелдер Советінің председатели болып бірауыздан заводтың бақылаушы мастери Васильева жолдас сайланды.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Жатақхана ма, аурухана ма?„

Ленин ауданындағы Тұңғыш ауылдық Советі жанындағы дәрігерлік пункттің жұмысы қанағаттанғысыз болып келді. Дәрігерлік пункттің меңгерушісі Қ. Аблин жолдас пункт үшін өзі тұратын пәтер үйге айналдырып алды. Көп уақытқа дейін дәрігерлік пунктте таза-лық, ауруларды қабылдау тәртібі болмай келді.

Бұл туралы редакцияға түскен тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің қорытындысы жөнінде аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Ефременко жолдас бізге былай деп хабарлады.

Аудандық денсаулық сақтау бөлімі арнаулы комиссия құрып, тілші хаты бойынша Тұңғыш дәрігерлік пунктіне тексеріс жүргізді. Хатта көрсетілген фактілер толық дерлік анықталып, айтылған кемшіліктерді жою шаралары қолданылды. Фельдшер Аблин дәрігерлік пункт үшін босатты, дәрігерлік пункт ағартылып, тәртіпке келтірілді. Пункт түрлі дәрі- дәрмектермен қамтамасыз етілді. Сол сыяқты, дәрігерлік пунктте ауруларды қамтытын арнаулы уақыт белгіленді.

Туралы келісімге қол қойды

ПЕКИН, 28 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан мынаны хабарлады: бүгін Кэсонда таңертеңгі 9 сағат 30 минутта қытай халық еріктілерінің командасы генерал

Пын Дэ-хуэй Кореяда уақытша бітім туралы келісімге және уақытша бітім туралы келісімге қосымша уақытша келісімге қол қойды.

Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі комиссияның чехословак және поляк өкілдері Кореяға жүріп кетті

ПЕКИН, 28 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің 27 июльде берген хабарында сол күні Пекиннен Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі комиссиясының чехословак және поляк өкілдерінің Кореяға жүріп кеткендігі айтылған. Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі комиссияның жұмысы

на қатысу үшін комиссияның чехословак мүшесі генерал- лейтенант Франтишек Буреш пен поляк мүшесі генерал-майор Мечислав Вонгровский Кореяға өз елдерінің жұмыс жасайтын адамдарының алғашқы тобымен бірге жүріп кеткен.

17 Августа БҰҰ Бас Ассамблеясы шақырылады

НЬЮ- ЙОРК, 28 июль. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясының председатели Пирсон БҰҰ-ның мүше мемлекеттеріне телеграмма жолдаған, онда былай делінген: «Бас Ассамблеяның 705-

қарарының 3-ші тармағына сәйкес Бас Ассамблеяның кәзіргі сессиясы корей мәселесін қайтадан қарау үшін 17 августа күндізгі сағат 3-те Біріккен Ұлттардың штаб- пәтерінде шақырылады».

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГОР БУЛЫЧОВ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ»

«МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМ»

Сеанстар сағат 6-10-да басталады.

Сеанстар сағат 4-8-де басталады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

1953 жылғы 30 июльде Саратов қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемның 34-тиражы өткізіледі. Тиражда мына мөлшерде ұтыстар шығады.

Ұтыс мөлшері сом есебімен	Ұтыс саны	
	заемның бір разрядына	заемның бес разрядына
50.000	2	10
25.000	5	25
10.000	25	125
5.000	80	400
1.000	700	3500
400	7688	38440
Барлығы	8500	42500

Ұтыстың жалпы сомасы сом есебімен 4.650.200 23.251.100 Заем бойынша жыл сайын негізгі алты тираж: 30 январьда, 30 мартта, 30 майда, 30 июльде, 30 сентябрь, 30 ноябрьде және бір қосымша тираж — 30 сентябрьде өткізіледі.

Негізгі тираждарда шыққан ұтыстар сатып алған мерзіміне қарамас-тан облигациялар бойынша төленеді. Қосымша тиражда шыққан ұтыстар қосымша тираж өткізілуден кемінде 9 ай бұрын сатып алынған облигацияларға төленеді.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМДАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.